



"Қазақстанның инвестициялық қоры туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 наурыздағы N 251 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстанның инвестициялық қоры туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстанның Инвестициялық қоры туралы

Осы Заң Қазақстан Инвестициялық қорының (бұдан әрі - Қор) қызмет мәселелерін реттейді, оның мақсаттарын, міндеттерін, инвестициялық саясаттың бағыттарын, қызметін шектеуді, оның мемлекеттік органдарын және өзге ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау ерекшеліктерін анықтайды.

1-бап. Осы Заңда қолданылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) Қордың инвестициялары - Қордың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес бағалы қағаздар рыногында Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғаларының акцияларын, сондай-ақ шетелдік заңды тұлғалардың акцияларын сатып алу жөніндегі қ ы з м е т і ;

2) инвестициялық жоба - Қордың инвестицияларын көздейтін іс-шаралар кешені;

3) ұйым - акцияларға инвестициялар жүзеге асырылатын акционерлік қоғам;

4) электрондық мониторинг - электрондық цифрлық қолтаңбамен расталған электрондық құжат нысанында бере отырып ұйымды басқару мониторингінің нысаны.

2-бап. Қазақстан Республикасының Қор туралы заңдары

1. Қор туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Қазақстан Республикасының заңды тұлғалар нысанында құрылған инвестициялық қорлардың қызметін реттейтін заңдары Қорға қолданылмайды.

3. Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар, инвестициялар туралы және бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарының ережелері осы Заңда реттелмеген бөлігінде Қорға қолданылады.

4. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартпен осы Заңда қамтылғанға қарағанда өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережесі қолданылады.

3-бап. Қордың құқықтық жағдайы

Қор Қазақстан Республикасының Үкіметі құрған акционерлік қоғам болып табылады.

4-бап. Қордың мақсаты мен міндеттері

1. Қор қызметінің мақсаты инвестицияларды жүзеге асыру, перспективалы ұйымдардың жобаларына инвестицияларды жүзеге асыру және тарту, экономиканың шикізат емес секторында жеке сектордың бастамаларына қаржылық қолдау көрсету арқылы Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық саясатын іске асыруға жәрдемдесу болып табылады.

2. Қордың міндеттері:

1) шикізат пен материалдарды тереңдетіп өңдеуді жүргізетін, қазіргі заманғы және озық технологияларды пайдаланып бәсекелес қабілетті және табысты өнім шығаратын, сондай-ақ өнеркәсіптің перспективалық ұйымдарына өндірістік қызметтер көрсететін қайта құрылатын, сондай-ақ жұмыс істейтін ұйымдардың акцияларына инвестицияларды жүзеге асыру;

2) Қордың инвестициялық жобаларды бірлесіп қаржыландыруы (ұйымдардың акцияларына инвестицияларды жүзеге асыру) және осы жобаларды басқаруға қатысу жолымен экономиканың шикізат емес секторына жеке инвестицияларды ынталандыру;

3) республиканың аумағында орналасқан ұйымдармен технологиялық байланыстағы Қазақстан Республикасынан тыс жерде инвестициялық жобаларды бірлесіп қаржыландыру (ұйымдардың акцияларына инвестицияларды жүзеге асыру) жолымен қазақстандық ұйымдардың шет елде инвестициялық белсенділігінің артуына жәрдемдесу.

5-бап. Қордың өкілеттіктері

Өз міндеттерін орындау үшін Қор Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен:

1) Қордың инвестициялық декларациясына сәйкес өзінің инвестициялық саясатын жүзеге асыруға ;

2) оларды инвестициялауды жүзеге асыру немесе осы ұйымдар үшін үшінші жақтың инвестицияларын тарту үшін шикізат пен материалдарды тереңдетіп өңдеуді жүргізетін, қазіргі заманғы және озық технологияларды пайдаланып бәсекелес қабілетті және табысты өнім шығаратын жұмыс істейтін перспективалық ұйымдарды іріктеуді жүзеге асыруға ;

3) Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық саясатының тиісті басымдықтарына сәйкес келетін отандық және шетелдік инвесторлардың қатысуымен инвестициялық жобаларды іске асыруды ұйымдастырушы және олардың қатысушысы болуға ;

4) филиалдар мен өкілдіктер құруға ;

5) шарт негізінде инвестициялық жобалар жөніндегі құжаттамалар дайындауға қатысуға ;

6) Қордың дивидендік саясатын анықтауға ;

7) Қордың инвестицияларынан алынған таза табысты қайта инвестициялау туралы шешімдер қабылдауға ;

8) уақытша бос ақша қаражатын орналастыруға ;

9) басқа отандық инвесторлармен бірлесіп Қор шет елде жүзеге асыратын инвестициялық жобалардың орындалуын бақылаудың бірлескен нысандарының қатысушысы болуға ;

10) өз міндеттерін іске асыру үшін шарт негізінде сарапшылар мен консультанттарды тартуға ;

11) өз инвестициялық портфелін дербес басқаруға ;

12) бағалы қағаздар рыногының кәсіби ұстаушысы ретінде тиісті лицензияның негізінде тікелей дилерлік қызметті жүзеге асыруға құқықты.

6-бап. Қордың инвестициялық саясатының бағыты

1. Қор қызметінің негізгі бағыттары өтемді және тиімді инвестициялық жобаларды жүзеге асыратын перспективалық ұйымдарды инвестициялау және оларға инвестициялар тарту болып табылады.

Қорды инвестициялау Қордың инвестициялық декларациясына сәйкес жүргізіледі.

2. Қор мынадай шарттар сақталған кезде ұйымдардың акцияларына инвестицияларды жүзеге асырады :

1) инвестициялық жоба Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық саясатының негізгі бағыттарына сәйкес келеді ;

2) инвестициялық жоба экономикалық және қаржылық өлшемдер бойынша тартымды болып табылады ;

1) Қор акцияларының мемлекеттік пакетін басқару функциясын жүзеге асырады;
2) Қордың инвестициялық қызмет жөніндегі есептілігінің құрамын, нысандары мен беру мерзімділігін бекітеді;

3) Қордың қаржылық құжаттары мен бухгалтерлік есептілігінің дұрыс жүргізілуін және мазмұнын, сондай-ақ Қор қызметінің Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына, Қордың жарғысы мен инвестициялық декларациясына сәйкестігін қадағалауды жүзеге асырады.

3. Қорға бағалы қағаздар рыногында брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін белгіленген пруденциалдық нормативтерді және қаржылық тұрақтылықтың өзге көрсеткіштерін (өлшемдерін) сақтау бөлігінде Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасының талаптары қолданылмады.

4. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғаларының Қордың қызметіне араласуына тыйым салынады.

9-бап. Қордың Инвестициялық декларациясы

1. Инвестициялық декларация Қордың инвестициялық қызметінің негізінде жатқан негізгі құжат болып табылады.

Инвестициялық декларация инвестициялау мақсаттарын, стратегиясын, бағыттарын, тәуекелдерді басқару саясатын, бағалы қағаздардың әр түрлері бойынша бағалы қағаздар портфелін әртараптандыру нормаларын, Қордың қызметін шектеуді және Қордың инвестициялық жобаларда қатысуын қысқарту шарттарын анықтайды.

2. Қордың Инвестициялық декларациясын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

10-бап. Қордың жарғылық капиталы

1. Құрылтайшы төлеген Қордың жарғылық капиталын республикалық бюджеттің қаражаты есебінен акциялардың олардың атаулы құны бойынша төлеу арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі қалыптастырады.

2. Қордың жарғылық капиталын арттыруға Қор акционерлері (бірден-бір акционер) жалпы жиналысының шешімі бойынша жол беріледі және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес акцияларды шығару және орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

3. Қордың орналастырылған акцияларын төлеуге тек ақша салынуы мүмкін.

11-бап. Қордың қызметін ұйымдастыру, қайта ұйымдастыру және тарату

1. Қорды құру және оның қызметі осы Заңда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Қорды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы заңдарының негіздері бойынша және белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

12-бап. Ұйымдарды басқару мониторингі

1. Қор жарғылық капиталына Қор қатысатын ұйымдарды (бұдан әрі - мониторинг объектілері) басқару мониторингін жүзеге асырады. Ұйымдарды басқару мониторингі электрондық мониторинг әдістерін дамыту және қолдану негізінде жүргізіледі және м ы н а л а р д ы :

- 1) мониторинг объектілерін басқарудың ахуалын және тиімділігін қадағалауды;
- 2) инвестициялық жобаны іске асыру туралы ақпаратты мерзімді жинауды;
- 3) мониторинг объектісін басқаруды тікелей зерттеуді және оның тиімділігін б а ғ а л а у д ы ;
- 4) мониторинг объектілерінің әлеуметтік-экономикалық, қаржылық, құқықтық, технологиялық, өндірістік-техникалық ахуалын талдауды;
- 5) мониторинг объектілері қызметінің экономиканы дамытуға әсерін бағалау және болжауды көздейді.

13-бап. Қордың жауапкершілігі

Қор өз міндеттемелерін орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген негіздер бойынша және тәртіппен жауап береді.

14-бап. Дауларды шешу тәртібі

Осы Заңды орындау бойынша Қор, мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар арасында туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті